

МАНАШ. КОЗЫБАЕВ

ӨРКЕНИЕТ

ЖӘНЕ

ҰЛТ



М.Қ. ҚОЗЫБАЕВ

ӨРКЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТ



Алматы

«Сөздік-Словарь»

2001

ББК 63.3 (2К)

Қ 58

Қозыбаев М. Қ.

Қ 58 “Өркениет және ұлт”. — Алматы: 2001. — 369 бет.

ISBN 5-7667-8695-6

Қазақ.. Өркениет. Бір кезде осылай салыстырмалы айтқан ғалымды есалаң санауы мүмкін еді. Өйткені, көшпелілер өкілі — номад — қазақ — дала тағысы, варвар болып танылатын. Қазақ тарихы орыс тарихының құрамдас бөлігі, оның елесі болып есептелетін. Ол өркениетке орыс халқы арқылы қолы жетті деп уағыздалатын.

Тәуелсіз қазақстанның тарих майданының туын ұстаушы ғалымдардың бірі тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Қазақстан ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, Ш. Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ҚР Президентінің бейбітшілік және ұлтаралық келісім сыйлығының лауреаты Манаш Қабашұлы Қозыбаев тәуелсіздік заманасында қазақ ұлтының тарихын өркениет, Дала өркениетінің аясында қарайды, тарихи дамудың формациялық және өркениеттік көзқарастарын салыстырып зерттеуді орынды санайды.

Еңбекте автордың соңғы 10—15 жылдар шегінде Дала өркениеті, қазақ ұлты, оның өркениетке үлес қосқан даналары, өркениеттік тұлғалар мен шығармалар қаралады.

Автор осы кезең ішінде 400-ге жуық еңбек жазды. Олардың басым көпшілігі “История и современность”, “Ақтандақтар ақиқаты”, “Жауды шаптым ту байлап”, “Тарих зердесі” (екі кітап), “Казахстан на рубеже веков: поиски и размышления” (екі кітап) жарияланған. Осы еңбек те сол шығармалардың жалғасы іспетті. Алайда, бұл мақалалар жинағында *өркениет және ұлт*, оның ара қатынасы, қазақтың өркениеттегі орны кеңінен сөз болады. Сондықтан да ол тұтас проблеманы қамтиды, арнайы монографиялық жүкті арқалайды.

“Өркениет және ұлт” — ұлтын сүйген, Отанын сүйген қалың оқырман қауымға арналған.

Қ 0503020905
438 (05)-01

ББК 63.3 (2К)

ISBN 5-7667-8695-6

© Қозыбаев М. Қ., 2001

© “Сөздік-Словарь” баспасы, 2001

I бөлім

ӨРКЕНИЕТ ӨРІНДЕ

ҚАЗАҚ ҰЛТЫ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТ

(Кіріспе орнына)

Ой толғамдары, концепциялар, тарихи анықтамалар, фактылар, елдер мен халықтар болмысы өткен мен болашақтың арасында кілем тоқылғандай өрнектеліп, бір сәт үзілмейтін өмірді, өмір тарихын құрайды. Уақыт қас қағымнан басталып, ғасырлар мен дәуірлерге ұласып, қарға адымнан континент арасындағы, не болмаса жер мен күнге дейін, ғарыштағы планеталарға дейінгі қашықтық — бұл да тарихи өлшемнің түрлері, өмір кестесінің айшығы емес деп кім айта алады. Уақыт, кеңістік, адам бір тұтасып барып, космостық әлемдік мағынада тарихи құбылыстарды жасайды. Тарихшы осы тарихи кеңістіктегі болып өткен құбылыстарды белгілі мерзімде, уақытта өткенін тізбектеп беруші — «передатчик времени» — «translator temporis» ғана емес, оны есінде сақтаушы, белгілі дәрежеде ұйымдастырушы, дәлірек айтсам, есте сақтау құдайы — Мнемозинаның функциясын атқарып, тарихи уақытты өз әлінше билеуші де илеуші.

Адам баласының XX ғ. даналары Вернадский, Ле Руа, Теяр де Шарден уақытты биологиялық, биосферадан ноонсфералық деңгейде түсіндірсе, тарихшы әлеуметтік эволюция деңгейіне көтерді. Тарихты әлемдік мағынада ағытып, тоғытып қарау (әлемдік тарих), локальды өркениеттік қарау (тарихи қалыптасқан орта тарихы — Орта Азия тарихы, Орталық Азия тарихы, Латын Америкасының тарихы), жеке адамның өз қарабасынан басталып, ортасы мен алысын, ділі мен дінін, ойы мен ісін, өнері мен жай-күйін қамтитын, Отан тарихы жеке халық тарихы сияқты болып кете барады.

Ағытып, тоғытып жазылған тарихтың ең үлкен қасиеті барша адам баласының эволюциялық даму жолын көруге, тануға мүмкіндік береді. Осы арада неміс философы Ясперстің «тарихта терең сыр бар, бірақ ол адамға өзін танып білуге жолатпайды», — дегеніне қосылуға болмайды. Ал регионалды тарих, жеке ұлт, мемлекет, дін, мәдениет тарихтары

салыстырмалы түрде қаралып, оның әлемдік тарихқа қосар үлесі анықталады, тарихи тағылымдар негізінде болашақ айқындалады. Мысалы, гректің полисі сияқты қазақтың дала демократиясы әлем тарихының қазынасы. Не болмаса, б.ж.с. дейінгі 480 ж. Пермофилдегі грек-парсы соғысында патша Леонид бастаған 300 Спарта жауынгерлері сияқты 1643 жылы Алатау сілемдерінің бірінде Салқам Жәңгір 600 ұланмен қалмақтың қалың қолымен алысқаны отансүйгіштік өлшемі болып енуі өркениет олжасы. Не болмаса, Жалаңтөс баһадүрдің Шер Дор мен Тилля Кори медреселерін салып, Самарқанда қалалық орталық Регистан алаңын қалыптастыруы ортағасырлық сәулет өнері мен қала салудың ұлы сөзі болып әлемдік тарихқа хатталды. Осы арқылы біз Дала өркениетінің дала мен қаланың синтезі екендігін көрсетудеміз, оның сол өркениеттің әлемдік өркениеттегі өзіндік келбетін айшықтаудамыз. Көне гректердің ұлы данасы Гомер өркениет жыршысы екені аян. Сол сияқты өмір бойы сайрап өткен Көмекей әулие Бұхар жырау өркениет жыршысы. «Қырымның 40 батырын» жыл бойы жырлайтын Мұрын жыраудың жазығы біз оны Гомер деңгейінде көрсете алмағанымыздан. Дала жырын, дала мұңын қыл қобызға тіл бітіріп боздатып кеткен Қорқыт Ата шығыс өркениетінің перзенті екендігін әлем біледі. Бір сөзбен айтсам, біз ата тарихымыздың сырларын өркениет қойнауынан іздеп, ондағы ұлттық орнымызды табу сол тарихты өркениеттік деңгейге көтеріп жазғанда ғана мүмкін.

Әр этнос өзінің даму, өсу жолында сан қилы стадиялардан өтеді. Ұлттың жұлдызды сәті болады — ол мемлекет құру, әлемдік тарихқа өз өрнегін салу мүмкіндігі болса керек. Сонымен бірге оның тозу, сыну, ыдырау, құлау сәттері де тарихта кездесетін құбылыстар. Ал, ұлт ұлықты болса, ол — мемлекет-орда құрып, өз мәдениетін қалыптастырып, өркениетпен қабыса дамып, белгілі бір кеңістік пен мерзімде оның есігінен сығаламай, төріне шығатын бақыт қонады. Ұлтың рухты болса, ұлың ұлықты болса, тарихшы оны жаза алмаса, тарихтың сырын таба алмаса — ол тарихшы емес, ол тек оның елесі ғана.

Қазақ кешегі Ресейге тәуелді халық болған кезде оның өркениеттегі орнын біз сол мемлекет деңгейінде, соның ішкі құрылымында іздеуге ғана шама-шарқымыз жетті. Бұл күні

жаңа заманада жаңа мүмкіндіктер пайда болғанда туған сауалдар баршылық.

Ең алдымен, біз халық болып қашан қалыптастық, оның стадиялары қандай?

Қазақ халқы өркениетке қатысты ма, әлде тарихтың даңғыл жолынан тыс, оның қапталында қалып қойды ма?

Қазақ халқы Дала өркениетінің түлегі, бірақ ол жалғыз емес, ендеше сол өркениетті жасаушылардың ішінде ол асылы ма, жасылы ма, масылы ма? Дала өркениеті қашан, қандай кеңістікте, қандай мерзімде өмір сүрді?

Қазақ халқының өркениеттен алғаны көп пе, бергені көп пе?

Өркениет пен ұлт?

А.Тойнби айтқандай, қазақ халқына тәңірдің арнайы шақыруы (вызов) болды ма? Сол шақыруға қазақ халқының жауабы қандай? Қалай қазақ ұлт есебінде өзін сақтай алды? Болашақта ол тарихпен, тәңірмен қалай тілдеседі, сырласады, мұлдасады?

Міне, менің тарихшы санатында өркениет пен ұлттың ара салмағын, халқымның тағдырын өркениетпен тоқайластырып қарауымның сыры оқырман осында. Бұл менің қазақтың тарихшы перзенті ретіндегі ізденіс сәттерім.

Әрине, бұл болашақ ізденістерді керек ететін тақырып. Қойылған сауалдарға жауап беруге мен өз әріптестерімді де шақырамын.

Сонымен, сөз өркениет және қазақ халқы хаһында!

ӨРКЕНИЕТ ХАҢЫНДА

«Өркениет» деген не?

Тарихымызды білмей тұрып алға жылжудың қиын екені белгілі. Сондықтан бүгін де өткенімізді ой елегінен өткізіп, барымызды екшеп, жоғымызды іздеп жатқан жайымыз бар. Бұны, әсіресе, биылғы халық тұтастығы мен ұлттық тарих жылы талап етіп отыр. Ата тарихымызды таразылап жатқанымыз да содан.

Қазіргі көп проблемалардың ішіндегі методологиялық мәні бар ең бір өзекті проблема — өркениет мәселесі. Ең алдымен өркениет (цивилизация) деген не? Оны қалай түсінуге болады? Ол латынның азаматтық, қоғамдық деген сөзінен шыққан. Әу бастан ол мәдениеттің синонимі. Екіншіден, қоғам дамуының, оның материалдық, рухани (тірнек, көрнек) мәдениетінің даму дәрежесі, баспалдағы. Үшіншіден, Л. Морган, Ф. Энгельс түсінігіндей, қоғамның тағылық тарпаң, одан соңғы варварлық жабайылық кезеңінен кейінгі даму дәуірі. Өркениет туралы қалам тартқан орыс ғалымы Н. Данилевский өркениетті «мәдени тарихи» тип деп санаса, П. Сорокин «үлкен мәдени жүйе» деп қарайды, ал неміс философы К. Ясперс оны «айналма дәуірлер» деп тұжырымдайды. Қалай болғанда да, тарихта «шектелген мәдениет» барын ойшылдар мойындайды (*Қараңыз: Казахстанская политологическая энциклопедия. А., 1998. С. 382*).

Осы бір ғылымдағы бағыт еуропалық ойшылдардың ғана табысы емес екендігін айту керек. Өркениеттік даму туралы ойларды XIII ғ. өмір сүрген араб ғалымы Ибн Халдун (406-ж. өлген) қалдырып кеткен. Бұл күні адам баласының тарихын мәдени және өркениеттік тұрғыда саралайтын ғалымдар не сан.

Белгілі бір кеңістіктегі «мәдени», не болмаса «өркениет» дамуы туралы концепция XX ғ. аяғында батыста кеңінен тарауда. Мысалы американдық ойшыл Френсис Фукуяма

социалистік жүйенің құлауы, коммунистік идеологияның шектелуі әлемде Батыс либерализмнің (саяси демократия мен нарықты экономиканың) толық жеңген заманасын орнатуға әкелді. Әлем көз алдымызда тұтас бір өркениетке айналуда, — деп пайымдайды. Ал американдық басқа бір ойшыл Сэмюль Хантингтон «ақыр заман», «біртұтас өркениет» идеяларына қарсы шығып, «өркениеттердің түйісуін» («соқтығысуын») жақтап шықты. Хантингтон концепциясының түйіні — болашақта біртұтас өркениет қалыптаспайды, әлем бір-біріне ұқсамайтын бірнеше өркениеттерден тұрады. Ғалымның пікірінше өркениеттің әрқайсысына бір-бірімен қатар өмір сүруді үйренуге тура келеді (С. Хантингтон. *Столкновение цивилизаций // Полис, 1994. №1*).

«Диалог цивилизаций в многополярном мире» деген мақаласында Ә.Нысанбаев өркениетті соңғы кезде кең мағынада сан саққа жүгіртіп қарау бар деп көрсетеді:

«1. Прежде всего, под цивилизацией принято понимать само общество, со всеми компонентами, необходимыми для его существования. Следует отметить, что в данном случае имеется в виду сложное общество, включающее политическую, экономическую, культурную, социальную подсистемы.

2. Под цивилизацией понимают город, который в отличие от простого общества характеризует продвинутое разделение труда, формирование политической власти и военных отношений между городами-государствами.

3. С цивилизацией ассоциируют современный тип общественного устройства, который прежде всего связывают с высокоразвитыми странами, достигшими высокого уровня технологического развития, с широкой сетью гражданских, политических, социальных и правовых институтов, обеспечивающих эффективное и устойчивое развитие общества. Однако в данном случае отвергается роль чего-либо незападного, исторически своеобразного «не имеющего значения для современности».

4. Цивилизация — это хорошо организованное и гуманистическое общество, обеспечивающее основные права личности, включая право собственности, свободу совести и вероисповедания. Подобное толкование понятия породило привычное употребление словосочетания «цивилизованное поведение».

5. Нередко в слово «цивилизация» вкладывается представление о результатах человеческой деятельности, где считается что она формируется материально-технологическими, хозяйственными компонентами общественной жизни и сложившимися институтами. Иногда материальные факторы сводятся к одному знаменателю, имеющему с этой точки зрения определяющее влияние на все общество: бронзовая, железная, скотоводческая, земледельческая, рисовая, индустриальная и т.п. цивилизации.

6. Цивилизация — качественная специфика крупномасштабных обществ, проявивших себя в мировой истории или присутствующих поныне. В этом смысле цивилизация во многом совпадает с мировыми религиями, ее названия: западно-христианская, восточно-христианская, исламская, индийская, буддисткая. Подобное понимание цивилизации способствовало появлению компаративистики, сравнительному изучению западного и восточного общества, религиозных и культурных систем разных народов. Здесь же цивилизации придается значение национальной социокультурной общности, в противопоставление другим национальным общностям и глобальной системе отношений. Тогда возникают английская, французская, арабская, японская и др. цивилизации, в рамках которых мировая история подвергается членению на национально-государственные образования.

7. Цивилизация как социокультурная общность, формируемая на основе универсальных ценностей, получающих выражение в мировых религиях, системах морали, права, искусства. Стоит отметить, что именно в данном значении слово «цивилизация» получило наиболее устойчивый терминологический статус в теоретической мысли, которую и можно назвать собственно теорией цивилизаций» (*10 лет независимости Казахстана: итоги и перспективы развития. Материалы научной конференции университета «Кайнар». Т.1. А., 2001. С.6-7.*).

Алайда сол соңғы кездегі көзқарастар айтарлықтай өркендет теориясына жаңалық енгізді деу қиын. Өйткені, олар бұрыннан келе жатқан өркендет ілімін жаңа ХХ-ХХІ ғғ. дамуына ыңғайлағаны байқалады.

Біз ұзақ жылдар бойы қоғамның даму тарихын әлеуметтік-экономикалық формация жүйесіне салып, талдап келдік.

Марксистер формациялық фактордың негізіне экономиканы, экономикалық қарым-қатынасты, басқаша айтқанда, базистік құрылымды алды. Идеологиялық өмір, дін т.б. рухани сала сол базистік негіздің үстіндегі қондырмасы болып есептелді. Марксистер дінді, моралды, рухты экономикалық негізден кейінгі фактор деп санап, белгілі дәрежеде олардың құнын төмендетті.

Өркениетшілер болса қоғам даму жүйесінің негізіне мәдениет дамуын алды, әсіресе, олар дін тарихы, жазу-сызу тарихы, мәдени ескерткіштер тарихы, эпосты бірінші қатарға тартты.

А.Байтұрсынов батыс өркениетшілерінің еңбектерін оқи келе, негізіне шаруашылық өзгерісін, дүниелік жиюды негізге алды. Ол эволюциялық дамудың көптеген факторлары барын пайымдады. Олар: 1) табиғат; 2) тек; 3) Ел жиілігі; 4) шеберлік; 5) басқа елді алу; 6) салт, саясат, заң; 7) Дін, мінез, құлық; 8) Білім һәм оның көп аз таралуы; 9) өнер; 10) мемлекет мақсаты» («Қазақ» газеті. Құрастырған: Ұ.Сухбанбердина, С. Дәуітов, Қ. Сахов. А., 1998, 246-б.).

«Мәдениет жолында төмен тұрған адам балаларына табиғат қожа, мәдениет жолында жоғары шығып, ғылым-өнерге жетіліп алған соң табиғатқа адам балалары қожа. Табиғат жағдайлы жерде адам баласы мәдениетке өздігінен жеткен һәм олай болса, бұл күнде де өздігінен жетуі ықтимал. Табиғат жағдайсыз жерде мәдениет орнауы ғылым-өнердің күшімен болмақшы. Қай жолмен болса да, мәдениет бірден келіп орнап қалмаған, бірте-бірте халық арасына жайылып орын тепкен» (Бұл да сонда. 248-249-бб.).

Ахаң «Шаруашылық өзгерісі» деген көп сериял еңбегінде бұл туралы былай пайымдайды:

«Ел өскен сайын, өрісі ұзайған, тұрмысы өзгерген. Тамақ, киім, үй, жүріс-тұрыс, қатынасу-хабарласу, тұтынған күні, істеген іс, пайдаланған нәрселер түрліше болып, малшылық, егіншілік замандарын бастан кешіріп, халықтың табысын көбейтіп, байлығын шынықтыратын осы күнгі «өнерлік кәсіпке» түскен. Асылында табиғаттан табылған нәрселерді адам баласының керегіне жарату үшін аз-көп болса да өнер жұмсалады. Бірақ ол істің көбі баяғыдан бері істеліп, атадан балаға ауысып, бірден-бірге мирастай келе жатқандықтан ол кәсіптерге өнер-білім керегі жоқ, табиғи

іс сияқты көрінеді. Мәселе, аң аулау, мал бағу, егін егу, үй жасау, сауда һәм басқа сол сияқты атам заманнан істеліп келе жатқан кәсіптер өнерлі кәсіпке саналмайды. Өнерлі кәсіп деп ат қойғанымыз завод, фабрика сияқты кәсіптер (промышленность). Бұрынғы мәдениет ту тіккен Мысыр, Грек, Рим жұрттарында табиғаттан қолмен алып, қолмен ұқсату шеберлік һәм сауда кәсібі қандай биік дәрежеде болғанмен осы күнгі дүниені дүрілдетіп басынан айналдырып, байлық тетігін қолына алған өнерлі кәсіп болмаған яғни завод, фабрика жоқ болған. Олардың шеберлері біздің қазақтың ағаш ұста, темір ұсталары сияқты. Біреу келіп бір нәрсе істеп бер дегенде ғана істеген. Одан кейінгі жұрттардың шеберлері шеберлікті кәсіп еткен. Бірақ онда жұмысты таратып істеуді білмеген (Еуропа тілінше цех). Оның соңғы заманда жұмысты түтіп, екіншілері шудалап, үшіншілері иіріп, төртіншілері тоқып, бір жұмысты бірнеше бөлектеп таратып істеумен шығарған (Европа тілінше мануфактура). Бұл кәсіпті көп жұмысшы жалдап, үлкен сомалы байлар істейтін болған. Жасайтын нәрселері біреудің істеп бер дегені емес, адам баласының әйтеуір тұтынатын нәрселері. Қайдағы базарға түсері, кім алары белгісіз. Онан кейін осы күнгі «өнерлі кәсіп» жұмысы машинаға түскен. Адам тұтынатын бұйым, құралдардың көбі машинамен жасалатын болған. Мұның алдыңғы түрлерден айырмасы сол, машинамен жасалған соң оңай һәм тез жасалатын болды. Бұл «өнерлі кәсіптің» бірте-бірте ұлғайып, ілгері артылған түрлері. Мұның ұлғайып артылуына себепші болған шеберлік. Суды, желді, буды, электричествоның күшін қолдай жұмсатып отырған сол шеберлік. Бу мен электричество жұмыс қылған соң, ауыр жеңіл болған соң, алыс жақын болған соң, нан табарлық кәсіптер көбейген. Осы заманда ел өскенмен жұмыс табылмау жоқ. Жұмыс табылып тұрғанда нан табылмау жоқ. Сөйтіп «өнерлі кәсіп» адам баласының өсу жолындағы бөгеттерді бұзып, ашып жіберді...

Жоғарыда сөйлегендерді қорытқанда шығатыны:

- 1) Ұлт шаруасы өзгеріп, ілгері басуына шеберлік керек.
- 2) Шаруалық өнерлі кәсіп дәрежесіне жетсе, жер аздық қылмайды» (Бұл да сонда. 251-252- бб.).

Заманымыздың белгілі ағылшын тарихшысы А.Тойнби өркениетті табиғи бір ортада динамикалық даму кезінде біріккен қоғами тұтастық деп қарайды.

Шын мәнінде, дамудың эволюциялық барысында белгілі кеңістікте қоғамға тән мәдени-экономикалық, рухани ортақтық, өркениеттік тұтастық қалыптасады. Ол сол қауымның адам баласының дамуындағы қол жеткен деңгейді көрсетеді.

Зерттеушілер Г. Чайлд, К.Фланнер, К.Клакхом, В.М.Массон отырықшылар өркениетіне тән ерекшеліктер қатарында жазу, жол тораптары, қалалық жүйесіндегі құрылыс, монументальды архитектура, сыртқы сауда және қатынас жүйелерінің қалыптасуын көрсетті. Ал көшпенділер өркениетіне өлгендерге орнатылған монументальды архитектура, қалалық типтес қоныс, жазу мен өнер, тұрақты сауда байланысы тән екендігі дәлелденді (Массон В.М. Первые цивилизации. Л., 1989, с. 5-12; т.б.)

Өркениетке тән үш ұлы ерекшеліктер, сөз жоқ, мемлекет, жазу, монументальды архитектура. К.Клакхом осы үшеуінен монументальды архитектураны бірінші орынға қояды. Ол болса өзінің ғажайып көрінісімен, алпауыт болмысымен, қоғамның құрылыс салуға зор мүмкіндігі бар толысымен бейнеленеді. Көне Египеттің пирамидалары сияқты сайын даладағы патша қорғандары қарапайым адам мен билігі және байлығы сай адамдар арасындағы алшақтықты ғана емес, тұтас қоғамның да мүмкіншілігін көрсетсе керек.

Өркениеттің басты белгілерінің бірі мемлекеттік. Ол болса адам баласының алғашқы кезеңінен орта ғасырға, алғашқы қоғамнан құлдық не болмаса феодалдық қарым-қатынасқа көшкенді, тағылық, тұрпайылықтан өркениетке өткенді көрсетері хақ.

Өркениет зерттеушілердің қалың тобы ертеректегі көшпенділердің (біздің жыл санауымыздан 1 мың жыл бұрын) мемлекеттікке жетпеген, ал ортағасырлық көшпенділерді мемлекеттігі бар деп санайды. (Мащук Л.П. Историческая структура социальных организмов средневековых кочевников. Советская этнография, 1967. №4, с. 25-27; Златкин И.Я. Концепция истории кочевых народов. А. Тойнби и историческая действительность. Современная историография зарубежного востока. М., 1971, с. 172-175).

Бұған қарама-қарсы сақтар мен үйсіндерде мемлекет болғандығы туралы зерттеулер баршылық. (Акишев К. Экономика и общественный строй Южного Казахстана и Северной

Киргизии в эпоху саков и усуней (V в.д.н.)- научный доклад, представленный в качестве дискуссии на соискание ученой степени д.и.н. М., 1986). Сонымен қатар көшпенділер мемлекеттік деңгейге жетпеген деген ғалымдар да кездеседі. Олар көшпенділерде «тайпалар одағы» болды, ал ол болса мемлекет сияқты тұрақтылығы болмады мыс дегенді пайымдайды. Тіпті XV ғ. Қазақ хандылығы мемлекет емес деген пікірді Қазақ сахарасының ұзақ жылдар дәм-суын ішкен В. Моисеев мырза жазды (К вопросу о государстве у казахов накануне и в начальный период присоединения Казахстана к России. — Восток, 1995, №4. С. 25-26).

Сөз жоқ көшпенділік экономиканың экстенсивті типімен байланысты. Зерттеушілер сондықтан да жыл бойы мал соңында жүрген халықты тағылар қатарына жатқызуға бейім. Есімі танымал өркениет тарихын зерттеуші А. Тойнби: «Көшпенділердің тартқан сазайы, шынтуайттап келгенде, эскимостардан ешбір кем емес. Олар бұғаулап бағындыруға тура келген табиғи жағдай өздерін даланың қожасы емес, құлы қылды. Эскимостар сияқты көшпенділер де табиғи жағдайдың, жылдың төрт мезгілінің тұтқыны болды. Қырман байланысты жолға қоямын деп жүріп олар өзге әлемнен қол үзіп алды. Олар ауық-ауық өз жерін тастап, көрші отырықшы өркениет иеліктеріне басып кіріп, көршілерінің қалыпты тірлік ағысын талай мәрте тоқтатып тастап та отырды. Шынтуайттап келгенде, бұл көшпенді ырықсыз бағынатын сыртқы күштердің әсерімен де болатын. Ондай күш екі түрлі: біріншіден, қырдың ауа-райы өзгеріп, көшпенді одан не қоныс, не өріс таппай тықыршып, екіншіден, жергілікті отырықшы қоғаммен арада көзге түспес кеңістік пайда болып бірін-бірі жақындатпауы олардың зығырданын қайнатып, төтен қимылға ұрындыратын. Осыдан келіп қырғын қырқыс өзі-ақ туатын. Сондықтан көшпенділер тарихи оқиғаларға осылай айбарлы тартылғандықтан оларды тарихы бар қауым деуге болмайды» деп жазған ғой ол. Өркениеттің өзін таза мәдениет деп қана танитын да осы Тойнби. Осылай біз көшпенділер, жабайылар есебінде «тарихы жоқ» халық қатарына біржолата жатқызылғанымыз қашан. «Тарихы жоқ халықтар» деушілер оларды тұрпайы қоғам, тағы қоғам, қайдағы бір томаға тұйық ортада қозғалысы жоқ, дамуы жоқ дәрежесінде санайды. «Ескі және

жаңа әлем мемлекеттері ұлан-ғайыр өзгерістерді бастан кешіп жатты, ал дала, ондағы көшпелі халықтардың өмір салты мейлінше баяу өзгерді» (Марков Г.Е. Кочевничество. Ист. энциклопедия. 8-т. М., 1966. С.4.). Дегенмен де, осы зерттеушілердің ішінде шығыс қауымының эволюциясын зерттей келіп: «Кочевать было выгоднее, неужели влечить печальное существование» оседлого земледельца, «бесправного и беззащитного, обложенного десятками податей и повинностей, систематически ограбляемого финансовыми чиновниками и землевладельцами различных категорий...», — деген қорытындыға келеді (Петрушевский И.П. Очерки по истории феодальных отношений в Азербайджане и Армении в XVI-начале XIX вв. М., 1949. С. 311). Осы пікірдің иесі атақты шығыс танушы И.П. Петрушевский көшпенділердің әлеуметтік қажырлығын, шұғыл қимылға қабілеттігін көрсете келіп, оларға творчестволық эволюция тән екендігін дәлелдеді. Оның себебі, олар ғалымның дәлелдегеніндей, «крайне медленно и небольшими группами переходило к оседлости и земледелию» (Бұл да сонда. С. 310-311).

Өркениет зерттеушілерінің бір тобы Евразия даласындағы көшпенділерді тарихи даму процесінен бөліп алып қарауға болмайтынын ескертеді. Өйткені ол көшпенділер, біріншіден, басқа көршілес қауымдармен ара қатынаста болды, ал ол қауымдар болса отырықшы-егіншілер, қала мәдениеті дамыған өлке-лерде тұрды. Екіншіден, көшпенділердің өз ішінде жартылай көшпенді, жартылай отырықшы малшылар тобы болды. Үшіншіден, көшпенділіктен отырықшылыққа көшу, қалалық мәдениетпен ұштасу, түйісу тенденциясы тарихта орын алды. Таза көшпенділік Еуразияның сайын даласында болған емес, қала мен дала одағы, отырықшылық пен көшпенділік өзара ұштасып, бір-біріне кірігіп, байланысып жатты. Сондықтан да Еуразия сахарасында таза көшпенділер өркениеті емес дала мен қала мәдениеті ұштасқан Дала өркениеті дамыды. Тарихшылар әулетінің бір тобының көшпенділерді динамикада қарап, олардың көшуден отырықшылыққа ауысуын, даладан қалаға орнығуын, тайпалық одақтардан мемлекетке өтуін қарастыруы тарихи әділдік. Тарихи процестер территорияға, хронологияға, этносқа байланысты емес, мал

шаруашылығы мен егіншіліктің негізі салынуына, әлеуметтік бөлінушілік тууына, қол өнері мен сауданың дамуына, этностық бірліктің қалыптасуына, күшті әкімшілік жүйе өрістеуіне, біртұтас идеология, діннің күшіне енуіне, эпос пен жазудың болуына байланысты. (Плетнева С. А. Кочевники средневековья. М., 1962).

Соңғы кезде ұлы Еуразия даласындағы мемлекеттік құрылымдарды жеке бір халықтың еншісі ету етек жайып барады. Ч.Т. Нусупов өзінің «Кыргызы Еуразии и тюркоязычные народы позднеге средневековья» (Бишкек, 1999) еңбегінде «Кыргызы это древний народ, макроэтнос», — дей келіп, қазақтарды оның құрамды бөлігі ретінде қарайды: «этногенетический восходит к древнему кыргызскому народу и образует вместе с ним кровнородственные исторические общности, предки которых — собственно кыргызы имели единую историю, материальную и духовную культуру, древнюю государственность, письменность» (стр. 40-41). Ч. Нусуповтың пікірінше Орталық Азиялық қырғыздардан (ҮІІІ-ІІІ ғғ. б.ж.б.) 36 мемлекеттік құрылымдар тараған (Қараңыз: бұл да сонда. 130-133-бб.). Ч.Нусупов тіпті қыпшақтардың өзін, үйсіндерді қырғыздан таратып, әлек болады. Осылай «қырғыз» «түркі» әлемімен ауыстырылғандығы байқалады.

Қасым Масими «Племенное объединение уйгур» (А., 1998) екі томдық еңбек шығарып, ұйғыр империясының шекарасын Қытай жерінен батыс Еуропаға дейін таратады. Біз тарихтан ұйғыр мемлекеті ежелгі гун жерінде болғаны рас. Бірақ, ол Қ.Масими айтқандай б.ж.б. ІІІ ғ. біздің заманымыздағы ХҮІІ ғ. аралығында ұлы держава болып сақталған емес. Ол түркі тектес халықтардың ішіндегі тұңғышы де кенжесі де емес, 840 ж. Енисей қырғыздарынан жеңілген соң Шығыс Түркістан мен Жоңғарияға қоныс теуіп, жаңа хандықтың құрамына енді. Бір бөлігі бұрынғы ата қонысында Алтайдан Хинганға дейін) қалып, түркі тайпаларымен араласты. Кейін ұйғырлар Ляо, Шыңғысхан қол астында, жоңғарлардың билігінде, Чин империясының құрамында болғандығы баршаға аян.

Ежелгі Еуразия сахарасындағы халықтар Дала өркениетіне еншілес, олардың қосқан үлесін пайыздап шығаруға болмайды. Алайда, сол сахараның негізгі бөлігінде қазақ ұлтының

құрамына негізінен енген тайпалар, тайпалық, ұлттық мемлекеттік құрылымдар да болғаны даусыз. Ендеше сол өркениетке еншілес халықтың бірі қазақ халқы. Сөз жоқ, тағы да қайталап жазамын, біз жүзден аса тайпалардың басқа халықтардың құрамына енгенін жасыра алмаймыз, Дала өркениетіне әр халықтың қосқан үлестері баршылық. Дегенмен де сол өркениеттің кіндігі, өзегі қазақ халқы екендігін мойындатарлық негіз бар.

Қорытып айтқанда, тарихқа белгілі бес таптық формациялық көзқараспен ғана қарап қоймай, оған өркениеттік-цивилизациялық көзқараспен де қарайтын кез келді. Осы тұста цивилизацияға-өркениетке қандай анықтама берген орынды?, — деген сауал туады. «Эволюция восточных обществ: синтез традиционного и современного» деген еңбектің авторлары оған былай деп жауап береді: «Цивилизация, по нашему мнению, представляет собой исторически сложившееся единство материальной и духовной культуры, продукт весьма длительного существования более или менее стабильной этнодемографической общности. Конкретная этнодемографическая и социокультурная общность такого рода может включить один или несколько крупных этносов (народов), территориальные границы ее расселения могут довольно сильно колебаться, расширяясь или сжимаясь, однако во всех случаях можно говорить об известном ядре цивилизации, идет ли речь о культуре в широком смысле слова, о народонаселении, которое воспроизводит себя как этносоциальная и демографическая макросистема, или о территории, создающей пространственный контур данной цивилизации». (Стратегические приоритеты развития Казахстана до 2000 года. А., 1998. С. 29).

Сонымен қорытып айтсақ:

1. Өркениет тірнек (материальная), көрнек (духовная) мәдениеттерінің ұзақ мерзімді тарихи дамуының нәтижесі;
2. Бір немесе бірнеше ірі этностардың (халықтардың) этнодемократиялық, мәдени әлеуметтік бірлігіне негізделген өркениет ауқымы бірде есіліп-көсіліп, бірде тарылып-қысылып дамығанмен оның өзегі, негізі болады. Еуразия сахарасындағы Дала өркениетінің өзегі бір заманада түркі тайпалары, оның ішінде қыпшақтар болса, кейін қазақтар екендігі дау тудырмаса керек. Ұлы Мағжанның түркі жұртына ұлы

шаңырақ иесі болып қазақ қалған жоқ па? - деуі де осыдан болса керек.

3. Өркениет- мәдени тип, ол ұзақ эволюциялық даму-дың нәтижесі, тұйық, ағысы жоқ жерде эволюциялық даму емес, борсу бар, іру бар, шіру бар, бір орыннан қозғалмай, тыпырлау бар. Қалай болғанда да, өркениет — дегеніміз эволюциялық, белгілі бір дәрежеде этностармен мемлекеттердің аралас-құралас қана емес тарихи және мәдени біртектілік болмысының автономды дамуы болса керек. Сонда ғана ол әлем дамуына өзіндік қадір-қасиеттерімен, өзіндік тарихи ағысымен, ұлысымен, тынысымен мен мұңдалап ене алады, әлем дамуына өзіндік үлесін қоса алады.

Өркениет — дара келеді, сонымен бірге әлемдік даму мұхит болса, ол оған дария болып қосылады, Адамзат тарихының бір саласы болып содан таралады да. Біртұтастық пен жекешелік, даралық осылай өзіндік болмыстарын бейнелей алады. Өмір диалектикасы деген осы.

2. Дала өркениеті дегеніміз не?

Өркениет тарихын зерттеуші неміс социологы О. Шпенглер өзінің «Закат капитализма» атты еңбегінде әлем тарихындағы өркениеттерге классификация жасады. О. Шпенглердің пікірінше тарихта сегіз өркениет болған. Олар Египеттік, үнділік, вавилондық, қытайлық, грек-римдік, византия-арабтық, батысевропалық, майя мәдениеті. Ғалымның пікірінше батыссібірлік өркениет қалыптасу сатысында. Атақты ағылшын әлеуметтанушы А. Тойнби өзінің «Постижение истории» атты еңбегінде әлемде 21 өркениет болғанын пайымдайды. Ғалымның айтуынша эллиндік, батыс, египеттік, шумерлік, минойлық, үнділік, хеттік, қиыршығыстық (корей мен жапондық), православиялық (альпілік, ортатеніздік), православиялық (ресейлік), ирандық, вавилондық, сириялық, арабтық, индустық, қытайлық, қиыршығыстық, андлылық, майялық, юкатандық, мексикандық өркениеттер. А. Тойнби өркениеттің генезисіне үңіліп, египеттік өркениет біздің жыл санауымыздан 4000 жыл бұрын пайда болды, ал шумерлік — 3000 жыл бұрын десе, қытайлық өркеиет б.ж.с. 1000 жыл бұрын, орыс — христиандық біздің жыл санауымыз бойынша 1-мыңжылдықта пайда болды деп болжамдайды (А. Тойнби. Постигение истории. С. 92).

А. Тойнби өркениет атауын табиғи ортамен байланыстырады. Оның пікірінше, египет пен шумерлік, үнділік өркениет — өзендік, андылық, хеттік, мексикандық өркениеттік-таулық, минойлық, эллиндік, қиыршығыстық (жапония) — архипелагтық, ал қытайлық, мүмкін үнділік, православиялық-христиандық (ресей) — континентальдық, ал Майя мәдениеті — ормандық өркениет болды деп санайды.

Алайда А. Тойнбиде, О. Шпенглерде түркі халықтарын өркениетсіз халық деп санайды. Олжас Сүлейменов еуропалық шығыстанушылардың бұл позициясы туралы былай деп әділ көрсетті: «Досталось от науки кочевникам. Рваные юрты, грязь и нищета XIX века произвели такое угнетающее впечатление на европейских ученых, что сама мысль о возможности древнейших культурных контактов степи и Еуропы казалось кощунственной» (Сүлейменов О. Аз и Я. Книга благонамеренному читателю. А., 1975. С.200).

Ендеше, сөз түркі әлемінің, оның ішінде қазақ елінің әлемдік тарихтағы орны қандай деген мәселеге тіреледі. Жалпы, ол оған не қосты, қандай өрнек салды? Дала өркениеті тиісті сатылардан өте алды ма? Әлде А. Тойнби айтқандай, тұрпайы қалпында қалды ма?

Қазіргі кезде негізі әлі далалық болып табылатын Шығыс халықтарының өркениетін батыл айтып жүрген ғалымдар баршылық. Орыстың атакты археологы А.П. Окладниковтың еңбектерінде түрік халықтарының Батыс Сібір өркениетін атайды. «Ежелгі түрік Сібірі, — деп жазады А.П. Окладников, — шығысқа қарағанда батыспен тығыз байланыста болған сияқты. Оның мәдениеті бұрын болжағанымыздан әлдеқайда бай. Байкал жағасында, Ангара мен Лена бойларында ежелгі Шығыс пен Батыстың мәдениеттері тоқайласып, сол кездің деңгейімен қарағанда қуатты мәдени ошақтары болған. Оларсыз Еуразия тарихын толық түсіну қиын. Табылған археологиялық олжаларға қарағанда, Дон мен Дунайға барар жолдың өзі Байкал өңіріндегі түрік бекіністерінен шыққан».

Ал Л.Н. Гумилев «Көшпенділер мәдениеті өзінің 3000 жылдық ғұмырында Жерорта теңізі мен Қиыр шығыс елдеріне қарағанда творчестволық эволюцияны бастан өткерді», — деп санайды. Еуразия сахарасындағы бұл көшпенділер өркениетін біздің дәуірімізге дейінгі XI ғасырдан бастап,

біздің заманымыздың ХҮІІ ғасырына дейін жеткізеді. Л.Н. Гумилев көшпенділерді дүниежүзілік өркениетке қомақты үлес қосты деп есептейді. Ол былай деп жазды: «нереально думать, что в кочевом обществе невозможен технический прогресс. Кочевники вообще, а хунны и тюрки в частности, изобрели такие вещи, которые ныне вошли в обиход человека как нечто само по себе подразумевающееся. Первое усовершенствование одежды — штаны — сделано еще в глубокой древности. Стремя появилось в центральной Азии между 200 и 400 гг. Первая кочевая повозка на деревянных обрубках заменилась сначала коляской, а потом вьюком, что позволило кочевникам форсировать горные, поросшие лесом хребты. Кочевниками были изобретены изогнутая сабля, вытеснившая прямой меч, и длинный составной лук, метавший стрелы на расстояние до 700 метров. Наконец, круглая юрта в те времена считалась наиболее совершенным видом жилища» (Л.Н. Гумилев. Тысячелетие вокруг Каспия. М., 1993. С. 86.).

«Көшпенділер өркениеті» деген ұғымды А. Марғұлан, К. Ақышев, К. Байпаков сияқты археолог ғалымдар көбірек пайдаланып келді. «Көшпенділер қоғамы» деген мәтінді С. Толыбеков, Д. Кішібеков сияқты ғалымдар да кеңінен пайдаланды. Соңғы жылдары К. Байпаков, осы мақаланың авторы Евразия сахарасында көшпенділер өркениетінің орнына Дала өркениеті деген ұғымды қолдануды орынды санайды. (Қараңыз: М. Қозыбаев. Степная цивилизация и ее уроки. В кн.: Стратегические приоритеты развития Казахстана до 2030 года. А., 1998. С. 29-38; Его же. Л.Н. Гумилев и проблема степной цивилизации. В кн.: Идеи и реальность евразийства. А., 1999. С. 100-106.; К. Байпаков. Города в системе древних и средневековых государств Казахстана. —Эволюция государственности Казахстана. А., 1996. С. 50-52 и др.).

Шын мәнінде, Евразия сахарасында өркениеттің табиғи ортасы ұлы Қыпшақ даласы. Ибн Батутта жазып кеткендей: «Дешт-и-Кипчак была страна, которая простирается в длину на восемь месяцев пути, а в ширину на шесть месяцев. Аллаху это лучше известно». Құмық жазушысы М. Аджи өзінің «Полынь Половецкого поля» (М., 1994. С.95) кітабында Қыпшақ сахарасы туралы әділ толғанады: «Пространства Дешт-и-Кипчака впечатляли кого угодно. Перед

ними владения Римской империи могли казаться жалкой провинцией, а Византия — захолустным уездом. На западе Дешт-и-Кипчак начинался в Альпах, у истоков Дуная (его до их прихода называли Истр) и тянулся на тысячи километров далеко на восток — за озеро Байкал: восемь месяцев пути занимал путь с востока на запад. Великая степная страна, о существовании которой, кажется, забыла Европа.

На юге дальние рубежи Дешт-и-Кипчака подходили к Босфору, эта граница сохранилась и теперь, она — по-прежнему граница Болгарии, которая тогда была каганатом Дешт-и-Кипчака и называлась Великая Булгария. Предгорья Северного Кавказа тоже входили в Дешт-и-Кипчак.

Северную границу царства Атиллы отсекали непроходимые леса и болота. Один из ее участков шел по Москве-реке, другие — по Оке, Полесским болотам...

Эта огромная страна царя Атиллы, конечно же, была сильнейшим раздражителем для завистливых правителей Рима и Византии. Они ненавидели степняков, но до середины V века вынуждены были подчиняться им».

«Осынау мәдениетті мейлі түздіктердің, мейлі бесенелердің, мейлі бұлғарлардың... мәдениеті десін, қалай десе де бәрінің түбі бір, түбірі бір. Ұлы далада бір-ақ халық қыпшақтар тұрған. Қыр халқы бір-ақ тілде — түрік тілінде сөйлеген. Бір ғана түркі мәдениетінің дәстүрлерімен өмір сүрген. Бір ғана түркі рухани құндылықтарын ұстанған» деп құмық ғалымы Мұрат Әджи де әділ көрсетеді.

Асылы, біз дарқандықты да, жалқаулықты да, ізгілікті де, игілікті де даладан алған халықпыз. Телегей теңіздей тербелген селеулі сағым даланың ырғағы жан баласының сезімін серпілтудің орнына маужырататыны белгілі ғой. Сондықтан дала перзентін варварлық деңгейде қалып қойды дейтіндер осы бір факторға табынады.

Ең алдымен «Дала» деген ұғымның басын ашып алу керек. Оны тек бір шөл деп ұғуға болмайды. Дешті Қыпшақ жерін басып не сан өзендер өтеді. Бір шеті Енесай, Лена, Онон мен Керулен, Ертіс, Тобыл, Жайық, Обь, Кәрі Каспий, Арал, Еділ, Дон Дунай, Днепр ұлы сахараның сәні мен әні еді ғой. Қазақстан жерінде 45000 өзен мен өзен сағалары, 85 мың көл бар екен. Осы ұлан-ғайыр далада өркениет орнауға себеп болған факторлар қандай?

1. Алтайдан Донға дейін созылған Ұлы Дала екі құрылықтың басын қосты. Ол Еуропа мен Азияның қақпасы, тоқсан тоғыз жолдың торабы.

Д. Неру өзінің «Әлемдік тарихқа көзқарас» деген еңбегінде (өкінішке орай әлі қазақшаға аударылған жоқ): «Еуропа мен Азияға кәдімгідей көзді ашып бір қарайықшы. Атлас ашсақ, ұлы Азия құрылығына жапсарласып жатқан кішкентай Еуропаны көресің. Ол өз алдына дербес құрылық емес. Азияның жалғасы сияқты. Ал тарихты оқитын болсаң — ұзақ уақыт бойы, белгілі бір кезеңде Азияның үстем болғанына көзің жетеді. Орыс халықтары толқын-толқынымен шабуыл жасап Еуропаны басып алған. Еуропаны жермен-жексен еткен де, өркениетке жеткізген де солар. Азияның базбір өңірінен шыққан арийлер, скифтер, хұндар, монғолдар, түріктер Азия мен Еуропаға қанат жайып, жаппай қоныстанды. Еуропа ұзақ уақыт Азияның отары сияқты болды. Қазіргі Еуропаның көп халқы өз түп-тегін сол Азиядан келген басқыншылардан алады. Әлемнің, шағын ғана бөлегі болғанымен Еуропа қазір ұлы құрылық болып отырғанын жақсы білеміз. Сондай-ақ оның көптеген елдерінің тарихында тамаша кезеңдер болғаны да жадымызда. Олар адамзат өркениетінің өрлеуіне орасан зор үлес қосқан ұлы ғалымдар берді. Олардың ұлы ойшылдары мен жазушылары, суреткерлері мен сазгерлері болды. Демек, Еуропаның ұлылығын мойындамау әнтек болар еді. Сол сияқты Азияның ұлылығын ұмыту да әбестік. Азияның адамзаттың ұлы рухани көсемдерін бергенін естен ешқашан шығармау керек. Оның ұлы ойшылдарын айтпағанның өзінде әлемдегі ең басты, екі діннің негізін қалаушы ұлылар Ғайса мен Мұхаммед пайғамбарларды берген де Азия ғой» дейді (Неру Дж. Взгляд на всемирную историю в 3-х томах. Т.І. М., 19. С. 306).

Біздің жыл санауымыздан мың жылға жуық бұрын Алтайдан Донға дейін Евразия сахарасында пайда болып, эволюциялық даму сатыларынан өтіп, бірегейлік, біртұтастық қадыр-қасиеттерін сақтаған өркениет — Дала өркениеті 7000 км аралықта өрбіді. Бұл географиялық аймақта этномәдени тұтастық қалыптасты, славян, финоугор, үндіарийлік, түркі тектес тайпалар өзара әлеуметтік-экономикалық үрдістер барысында өзара байланысты. Осы тектер тоғысуында түркі тегі, оның бірегейлігі жеңіп шықты. Біздің жыл санауымыздан

IV мыңыншы жылдың аяқ шенінде адамдары даланың ең жүйрік аңы — жылқыны қолға үйретті. Салт атты көшпелілер пайда болды. Белгілі зерттеуші археолог ғалым К. Акышев тағы жылқыны үйретуді жоғары бағалады: «Многолетние научные раскопки поселения Ботай, датируемого III тысячелетием до н.э., привели к открытию, имеющему значение для всемирной истории. В культурном слое жилых и хозяйственных помещений вместе предметами материальной культуры были обнаружены сотни тысяч костей лошадей, мясо которых являлось основным продуктом питания жителей поселка. По определению казахстанских, российских и американских ученых (археологов, палеоботаников, археозоологов) было доказано, что большинство костей принадлежали домашним животным, и, что еще более важно, по стертости зубов от удил установлено, что уже в то отдаленное от современности тысячелетие лошадь была приучена под верховую езду и, возможно, использовалась также как транспортное животное.

Факт этот имел огромное значение для дальнейшей эволюции человека, его интеллекта, материальной и духовой культуры. Верховой конь в истории развития человеческой цивилизации сыграл такую же роль, как паровая турбина для прогресса в индустриальную эпоху. Использование верховного коня, а затем коня как упряжное животное, ознаменовало начало покорения человеком времени и пространства». (См.: Идеи и реальность евразийства. Алматы, 1999. С. 107-108).

А.Тойнби аңдарды үйретіп, қол малы жасауы, өсімдік жинауға үйреніп, оны өсіріп қорек етуден гөрі биігірек өнер, өйткені ол адамның, ақыл-ойы мен ерік-күшін қажет етеді, екінші сөзбен айтқанда, бақташылар-диқандардан гөрі батылырақ болуы керек, — дей келіп, «көшпенділер ат болмағанда мұншама маң даланы бағындырып, керемет қатаң табиғи жағдайда өмір сүре алмас еді, олардың сұңғыла да ұстамды, күшті де төзімді болып келуі сол ат үсті өмірінен», — деп түйеді.

Одан әрі, екіншіден, сайын дала Әму мен Сыр бойы арқылы қытай, парсы, үнді, араб өркеиеттерімен тоғысты.

3. Сыр мен Әмудария аралығында пайда болған Зердеш (зо-роастр) тәңірлік дүниетаным христиан, будда, ислам сияқты